УТВЕРЖДЕНЫ
Приказом Директора
ТОО «Ломбард Столичный КЗ»
№ 1 от 15 мая 2026 г.

Правила рассмотрения изменений в условия договора о предоставлении микрокредита, перечень документов, прилагаемых к заявлению заемщика – физического лица о внесении изменений в условия договора о предоставлении микрокредита, а также порядок информирования Ломбардом уполномоченного органа о результатах рассмотрения заявлений заемщиков – физических лиц о внесении изменений в условия договора о предоставлении микрокредита

1. Настоящие Правила рассмотрения изменений в условия договора о предоставлении микрокредита, перечень документов, прилагаемых к заявлению заемщика – физического лица о внесении изменений в условия договора о предоставлении микрокредита, а также порядок информирования Ломбардом уполномоченного органа о результатах рассмотрения заявлений заемщиков – физических лиц о внесении изменений в условия договора о предоставлении микрокредита (далее – Правила) разработаны в соответствии частью третьей пункта 2 статьи 9-2 Закона Республики Казахстан "О микрофинансовой деятельности" (далее – Закон о микрофинансовой деятельности), подпунктом 2) пункта 3 статьи 16 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике" и определяют порядок рассмотрения Ломбардом заявлений заемщиков – физических лиц (далее – заемщик) о внесении изменений в условия договора о предоставлении микрокредита (далее – заявление), перечень документов, прилагаемых к заявлению, а также порядок информирования Ломбардом, уполномоченного органа о результатах рассмотрения заявлений.

В Правилах используются основные понятия, указанные в Законе о микрофинансовой деятельности, а также следующие понятия:

1) задолженность – сумма долга по микрокредиту, включающая остаток основного долга, начисленное, но не уплаченное вознаграждение, неустойку (штрафы, пени), предусмотренные договором о предоставлении микрокредита, заключенным с заемщиком – физическим лицом

2) кредит – микрокредит;

3) кредитор – Ломбард

4) договор – договор о предоставлении микрокредита, заключенный с Ломбардом.

Глава 2. Порядок рассмотрения заявления

2. Кредитор при наличии просрочки исполнения обязательства по договору, но не позднее 10 (десяти) календарных дней с даты ее наступления уведомляет заемщика способом и в сроки, предусмотренные договором, а также через цифровые объекты, о:

1) размере просроченных платежей по договору на дату, указанную в уведомлении;

2) необходимости внесения просроченных платежей по договору в срок, указанный в уведомлении;

3) праве заемщика обратиться к кредитору с предложением о внесении изменений в условия договора;

4) последствиях невыполнения заемщиком своих обязательств по договору.

3. В течение сроков, установленных пунктом 2 статьи 9-2 Закона о микрофинансовой деятельности, заемщик обращается к кредитору, выдавшему кредит, в письменной форме и (или) через цифровые объекты, и (или) иным способом, предусмотренным договором, с предложением об изменении условий договора в соответствии с подпунктами 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) и 9) пункта 2 статьи 9-2 Закона о микрофинансовой деятельности.

К заявлению прилагаются документы, подтверждающие обстоятельства, повлекшие возникновение просрочки исполнения обязательства, сведения о доходах и другие обстоятельства, обуславливающие подачу заявления с предложением о внесении изменений в условия договора.

Перечень документов, необходимых для рассмотрения заявления и подтверждения обстоятельств, повлекших возникновение просрочки исполнения обязательства по договору, установлен в приложении 1 к Правилам (далее – Перечень документов), за исключением случаев, предусмотренных частью четвертой настоящего пункта.

Для целей рассмотрения заявления заемщика, относящегося к категории лиц с инвалидностью первой или второй группы, и подтверждения обстоятельств, повлекших возникновение просрочки исполнения обязательств по договору, к обращению прилагаются следующие документы:

1) справка об инвалидности;

2) справка с места работы (при наличии трудовых отношений) с указанием размера заработной платы.

По истечении срока, указанного в пункте 2 статьи 9-2 Закона о микрофинансовой деятельности, заявление подлежит рассмотрению кредитором в случае отсутствия вступившего в законную силу судебного акта, исполнительной надписи о взыскании задолженности по договору, мирового соглашения или соглашения об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации, заключенного для урегулирования задолженности по договору либо для исполнения судебного акта о взыскании задолженности по договору.

В случае уступки права (требования) по договору заявление подается лицу, которому перешли права (требования) по договору.

4. Заявление подлежит приему, регистрации, учету и рассмотрению кредитором.

5. Кредитор в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня получения заявления проверяет полноту представленных документов и при необходимости запрашивает недостающие документы, необходимые для рассмотрения

заявления, подтверждающие причины возникновения просрочки исполнения обязательств, сведения о текущих доходах и обстоятельства, обуславливающие подачу заявления, в соответствии с Перечнем документов, с указанием срока их представления, предусмотренного частью второй настоящего пункта, а также с уведомлением заемщика об оставлении заявления без рассмотрения в случае непредставления документов в указанный срок.

Заемщик предоставляет запрашиваемые документы в течение 5 (пяти) рабочих дней.

6. Кредитор в течение 15 (пятнадцати) календарных дней после дня получения заявления и представленных заемщиком документов рассматривает предложенные заемщиком изменения в условия договора и в соответствии с пунктом 3 статьи 9-2 Закона о микрофинансовой деятельности, уведомляет заемщика в письменной форме, а также через цифровые объекты либо способом, предусмотренным договором, об одном из следующих решений:

1) о согласии с предложенными изменениями в условия договора;

2) о встречном предложении по изменению условий договора;

3) об отказе в изменении условий договора с указанием мотивированного обоснования причин такого отказа по форме согласно приложению 2 к Правилам.

При наличии у заемщика нескольких договоров с кредитором рассмотрение заявления и принятие решения осуществляются по каждому договору отдельно.

7. Решение кредитора по заявлению заемщика принимается кредитором в соответствии с внутренним порядком кредитора по принятию кредитных решений по реструктуризации кредитов физических лиц на условиях, обеспечивающих снижение долговой нагрузки заемщика, с учетом его социального и финансового положения при документальном подтверждении заемщиком обстоятельств, повлекших неисполнение обязательств по текущим условиям договора.

При достижении согласия между кредитором и заемщиком об изменении условий договора срок внесения таких изменений не превышает 15 (пятнадцати) календарных дней со дня принятия соответствующего решения кредитором. Указанный срок не применяется в случаях, препятствующих внесению изменений по причинам, не зависящим от кредитора, и может быть продлен до их устранения.

В случае направления кредитором встречных предложений по изменению условий договора срок представления ответа заемщиком указывается в письме кредитора и составляет не менее 15 (пятнадцати) календарных дней со дня получения заемщиком соответствующего решения кредитора.

Недостижение взаимоприемлемого решения между кредитором и заемщиком в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня получения заемщиком решения кредитора, предусмотренного подпунктом 2) части

первой настоящего пункта, считается отказом в изменении условий договора. Данный срок может быть продлен при наличии согласия обеих сторон.

В случае согласия заемщика с предложениями кредитора по изменению условий договора срок внесения таких изменений не превышает 15 (пятнадцати) календарных дней со дня получения кредитором ответа заемщика.

8. В период рассмотрения заявления, предусмотренного пунктом 2 статьи 9-2 Закона о микрофинансовой деятельности, кредитор не требует досрочного погашения просроченной задолженности по договору либо ее части, а также приостанавливает мероприятия по подаче заявления о совершении исполнительной надписи нотариусом либо иска в суд о взыскании задолженности.

Погашение просроченной задолженности либо ее части допускается по инициативе заемщика при уведомлении кредитора.

9. Кредитор принимает решение о согласии с предложенными изменениями в условия договора на срок не менее трех месяцев без требования выплаты комиссий и (или) иных платежей по договору при подаче заявления о внесении изменений в условия договора, предусмотренных в подпунктах 2) и (или) 3) пункта 2 статьи 9-2 Закона о микрофинансовой деятельности, заемщиком:

1) относящимся к социально уязвимым слоям населения в соответствии со статьей 68 Закона Республики Казахстан "О жилищных отношениях", при наличии условий, предусмотренных пунктом 3-2 статьи 9-2 Закона о микрофинансовой деятельности;

2) пострадавшим в результате обстоятельств, послуживших основанием для введения чрезвычайного положения.

10. Для целей Правил уведомление заемщика о возможности обращения к кредитору для изменения условий договора (далее – уведомление), а также ответ кредитора на заявление заемщика направляются в письменной форме и (или) через цифровые объекты, и (или) иным способом, предусмотренным договором.

Уведомление и ответ считаются доставленными при их направлении:

по месту жительства, указанному в договоре либо заявлении, заказным письмом с уведомлением о его вручении, в том числе полученного одним из совершеннолетних членов семьи заемщика, проживающих по указанному адресу;

на адрес электронной почты, указанный в договоре либо заявлении заемщика;

путем отправления текстового SMS-сообщения или push-уведомления с ответом либо со ссылкой на интернет-ресурс, содержащие полный текст уведомления или ответа заемщику;

с использованием иных средств связи, предусмотренных договором, обеспечивающих фиксирование получения уведомления или ответа заемщиком.

При явке заемщика к кредитору ответ на заявление заемщика вручается заемщику под роспись лично в руки, о чем делается отметка в журнале регистрации письменных обращений, за исключением ответа, доставленного способами, предусмотренными настоящим пунктом.

В случае возврата уведомления или ответа с отметкой о невозможности его вручения адресату, получателю, либо в связи с отказом в его принятии, уведомление и ответ считаются переданным надлежащим образом.

11. При неосуществлении в течение двадцати четырех месяцев с момента возникновения просроченной задолженности по договору о предоставлении микрокредита, не связанного с осуществлением предпринимательской деятельности, процедуры по урегулированию задолженности, обеспечивающей взаимоприемлемые для сторон условия, при которых заемщик способен погашать задолженность по кредиту, в том числе полную отмену неустойки (штрафа, пени), комиссий и иных платежей, уступка права (требования) коллекторскому агентству не допускается.

Порядок предоставления военнослужащим срочной воинской службы отсрочки платежа по основному долгу и вознаграждению на период, включающий срок прохождения срочной воинской службы и шестьдесят дней после его окончания, без начисления вознаграждения по кредиту

12. Кредитор в течение 15 (пятнадцати) календарных дней со дня получения от кредитного бюро сведений по заемщикам, призванным на срочную воинскую службу (далее – заемщик – военнослужащий), предоставляет по договору отсрочку платежей по основному долгу и вознаграждению (далее – отсрочка платежей) на период, включающий срок прохождения срочной воинской службы и 60 (шестьдесят) календарных дней после его окончания, без начисления вознаграждения по кредиту, о чем уведомляет заемщика – военнослужащего в письменной форме, а также через цифровые объекты либо способом, предусмотренным договором.

Отсрочка платежей предоставляется способом, определяемым кредитором, с увеличением срока кредита и сохранением размера платежей, без подписания дополнительных соглашений к договору или договору залога. Требование об увеличении срока кредита не распространяется при досрочном погашении (возврате) кредита.

При отказе от отсрочки платежей заемщик – военнослужащий (третье лицо, действующее в интересах заемщика – военнослужащего по доверенности) в течение 14 (четырнадцати) календарных дней со дня получения уведомления кредитора, направляет заявление об отказе в письменной форме, либо через цифровые объекты, либо способом, предусмотренным договором. Кредитор в течение 15 (пятнадцати) календарных дней со дня получения данного заявления, уведомляет заемщика способом, предусмотренным договором, а также через цифровые объекты об отмене отсрочки платежей и возобновлении начисления вознаграждения по кредиту.

При увольнении заемщика – военнослужащего со срочной воинской службы до истечения срока воинской службы по призыву, кредитор по истечении 60 (шестидесяти) календарных дней со дня исключения его из списков воинской части прекращает предоставление отсрочки платежей и возобновляет начисление вознаграждения по кредиту, о чем уведомляет его в письменной форме, а также через цифровые объекты либо способом, предусмотренным договором.

В отношении заемщика – военнослужащего, имеющего просроченную задолженность по основному долгу и (или) начисленному вознаграждению, кредитор не применяет (приостанавливает) меры, предусмотренные подпунктом 1-1) пункта 1 статьи 7 и (или) пунктом 5 статьи 9-2 Закона о микрофинансовой деятельности на период, включающий срок прохождения срочной воинской службы и 60 (шестьдесят) календарных дней после его окончания.

При увольнении заемщика – военнослужащего со срочной воинской службы до истечения срока воинской службы по призыву, кредитор по истечении 60 (шестидесяти) календарных дней со дня исключения его из списков воинской части возобновляет применение мер, предусмотренных подпунктом 1-1) пункта 1 статьи 7 и пунктом 5 статьи 9-2 Закона о микрофинансовой деятельности.

Требования настоящей главы не распространяются на договор, по которому имеется вступивший в законную силу судебный акт, исполнительная надпись о взыскании задолженности по договору, мировое соглашение или соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации, заключенное для урегулирования задолженности по договору либо для исполнения судебного акта о взыскании задолженности по договору. При этом, в случае если в отношении банковского счета заемщика – военнослужащего кредитором были инициированы меры по ограничению расходных операций, включая выставление платежных требований либо инициирование наложения ареста и (или) обращения взыскания в рамках исполнительного производства, кредитор в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня предоставления отсрочки платежей в соответствии с частью первой настоящего пункта принимает меры по отзыву либо приостановлению таких мер.

В случае возникновения дополнительных вопросов, обращаться в любое отделение ТОО «Ломбард Столичный КЗ» либо по тел

+ 7 777 271 56 57

Приложение 1

Перечень документов, необходимых для рассмотрения заявления и подтверждения обстоятельств, повлекших возникновение просрочки исполнения обязательства по договору

Настоящий перечень устанавливает возможные виды документов, запрашиваемые кредитором у заемщика в зависимости от ситуации для подтверждения его категории и обстоятельств, повлекших невозможность исполнения обязательств по договору:

1) справка о регистрации в качестве безработного и (или) справка о доходах заемщика за последние шесть месяцев с места работы или выписка о движении денег по банковскому счету заемщика;

2) акт работодателя о прекращении трудового договора, предоставлении отпуска без сохранения заработной платы или справку (лист) о временной нетрудоспособности заемщика;

3) справка с места работы с указанием размера заработной платы и выписки из единого накопительного пенсионного фонда;

4) документ, подтверждающий нахождение заемщика в отпуске в связи с беременностью и рождением ребенка (детей), усыновлением (удочерением) новорожденного ребенка (детей), а также в отпуске без сохранения заработной платы по уходу за ребенком до достижения им возраста трех лет;

5) документ, подтверждающий состав семьи и наличие иждивенцев;

6) справка о временной нетрудоспособности и (или) лист о временной нетрудоспособности, подтверждающие болезнь заемщика и (или) близких родственников, супруга (супруги) заемщика, а также свидетельство (справка) о смерти близких родственников, супруга (супруги) заемщика;

7) нотариально заверенный договор аренды с указанием порядка и сроков оплаты арендной платы;

8) документы, подтверждающие нанесение заемщику материального ущерба в результате несчастного случая, противоправных действий третьих лиц (кража товаров в обороте или иного имущества, которое использовалось заемщиком для осуществления предпринимательской деятельности);

9) официальные документы, подтверждающие форс-мажорные обстоятельства;

10) справка об инвалидности;

11) выписка из медицинской карты амбулаторного (стационарного) больного;

12) документы, подтверждающие наличие исполнительного производства, ареста счетов или иных ограничений (решение об аресте банковского счета заемщика);

13) инкассовое распоряжение;

14) судебные акты;

15) иные документы, подтверждающие факт ухудшения финансового состояния заемщика.

БЕКІТІЛГЕН
«Ломбард Столичный КЗ» ЖШС
Директорының
2026 жылғы 15 мамырдағы № 1
Бұйрығымен

Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуді қарау қағидалары, микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы қарыз алушы – жеке тұлғаның өтінішіне қоса берілетін құжаттардың тізбесі, сондай-ақ Ломбардтың уәкілетті органды қарыз алушылар – жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініштерін қарау нәтижелері туралы хабардар ету тәртібі

1. Осы Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізуді қарау қағидалары, микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы қарыз алушы – жеке тұлғаның өтінішіне қоса берілетін құжаттардың тізбесі, сондай-ақ Ломбардтың уәкілетті органды қарыз алушылар – жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініштерін қарау нәтижелері туралы хабардар ету тәртібі (бұдан әрі – Қағидалар) Қ азақстан Республикасы «Микрофинанстық қызмет туралы» Заңының (бұдан әрі – Микрофинанстық қызмет туралы заң) 9-2-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік статистика туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген және Ломбардтың қарыз алушылар – жеке тұлғалардың (бұдан әрі – Қарыз алушы) микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініштерін (бұдан әрі – өтініш) қарау тәртібін, өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесін, сондай-ақ Ломбардтың уәкілетті органды өтініштерді қарау нәтижелері туралы хабардар ету тәртібін айқындайды.

Қағидаларда Микрофинанстық қызмет туралы заңда көрсетілген негізгі ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) берешек – жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шартта көзделген негізгі борыш қалдығын, есептелген, бірақ төленбеген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) қамтитын микрокредит бойынша қарыз сомасы;

2) кредит – микрокредит;

3) кредитор – Ломбард;

4) шарт – Ломбардпен жасалған микрокредит беру туралы шарт.

2-тарау. Өтінішті қарау тәртібі

2. Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен жағдайда кредитор оның басталған күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей Қарыз алушыны шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы мыналар туралы хабардар етеді:

1) хабарламада көрсетілген күнгі шарт бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері туралы;

2) хабарламада көрсетілген мерзімде шарт бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы;

3) Қарыз алушының шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен кредиторға жүгіну құқығы туралы;

4) Қарыз алушының шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы.

3. Микрофинанстық қызмет туралы заңның 9-2-бабы 2-тармағында белгіленген мерзімдер ішінде Қарыз алушы кредит берген кредиторға жазбаша нысанда және (немесе) цифрлық объектілер арқылы, және (немесе) шартта көзделген өзге тәсілмен Микрофинанстық қызмет туралы заңның 9-2-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларына сәйкес шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен жүгінеді.

Өтінішке міндеттемені орындау мерзімінің өтуіне әкеп соққан мән-жайларды растайтын құжаттар, табыстар туралы мәліметтер және шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен өтініш беруге негіз болған өзге де мән-жайлар қоса беріледі.

Өтінішті қарау және шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімінің өтуіне әкеп соққан мән-жайларды растау үшін қажетті құжаттардың тізбесі Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген (бұдан әрі – Құжаттар тізбесі), осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда.

Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар санатына жататын Қарыз алушының өтінішін қарау және шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімінің өтуіне әкеп соққан мән-жайларды растау мақсатында өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) мүгедектік туралы анықтама;

2) жалақы мөлшері көрсетілген жұмыс орнынан анықтама (еңбек қатынастары болған жағдайда).

Микрофинанстық қызмет туралы заңның 9-2-бабы 2-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін өтініш шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы заңды күшіне енген сот актісі, атқарушылық жазба, медиация тәртібімен жасалған бітімгершілік келісім немесе дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім болмаған жағдайда, не шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы сот актісін орындау үшін жасалған келісім болмаған жағдайда кредитормен қаралуға жатады.

Шарт бойынша құқық (талап ету) берілген жағдайда өтініш шарт бойынша құқықтары (талап ету құқықтары) ауысқан тұлғаға беріледі.

4. Өтініш кредитормен қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға жатады.

5. Кредитор өтінішті алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және қажет болған жағдайда Құжаттар тізбесіне сәйкес міндеттемелерді орындау мерзімінің өту себептерін, ағымдағы табыстар туралы мәліметтерді және өтініш беруге негіз болған мән-жайларды растайтын, өтінішті қарау үшін қажетті жетіспейтін құжаттарды сұратады, оларды ұсыну мерзімін көрсете отырып, сондай-ақ көрсетілген мерзімде құжаттар ұсынылмаған жағдайда өтініштің қараусыз қалдырылатыны туралы Қарыз алушыны хабардар етеді.

Қарыз алушы сұратылған құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынады.

6. Кредитор өтініш пен Қарыз алушы ұсынған құжаттарды алған күннен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Қарыз алушы ұсынған шарт талаптарына өзгерістерді қарайды және Микрофинанстық қызмет туралы заңның 9-2-бабы 3-тармағына сәйкес Қарыз алушыны жазбаша нысанда, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы не шартта көзделген тәсілмен келесі шешімдердің бірі туралы хабардар етеді:

1) шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы;

2) шарт талаптарын өзгерту бойынша қарсы ұсыныс туралы;

3) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұндай бас тартудың себептерін дәлелді негіздей отырып, шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы.

Қарыз алушының кредитормен бірнеше шарты болған жағдайда өтінішті қарау және шешім қабылдау әрбір шарт бойынша жеке жүзеге асырылады.

7. Қарыз алушының өтініші бойынша кредитордың шешімі Қарыз алушының әлеуметтік және қаржылық жағдайын ескере отырып, Қарыз алушы шарттың қолданыстағы талаптары бойынша міндеттемелерді орындамауға әкеп соққан мән-жайларды құжатпен растаған жағдайда, Қарыз алушының борыштық жүктемесін төмендетуді қамтамасыз ететін талаптармен жеке тұлғалардың кредиттерін қайта құрылымдау бойынша кредиттік шешімдерді қабылдау жөніндегі кредитордың ішкі тәртібіне сәйкес қабылданады.

Кредитор мен Қарыз алушы арасында шарт талаптарын өзгерту туралы келісімге қол жеткізілген жағдайда, мұндай өзгерістерді енгізу мерзімі кредитор тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспайды. Көрсетілген мерзім кредиторға байланысты емес себептер бойынша өзгерістер енгізуге кедергі келтіретін жағдайларда қолданылмайды және олар жойылғанға дейін ұзартылуы мүмкін.

Кредитор шарт талаптарын өзгерту бойынша қарсы ұсыныстар жіберген жағдайда, Қарыз алушының жауап беру мерзімі кредитордың хатында көрсетіледі және Қарыз алушы кредитордың тиісті шешімін алған күннен бастап кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күнді құрайды.

Кредитор мен Қарыз алушы арасында осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген кредитор шешімін Қарыз алушы алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеуі шарт талаптарын өзгертуден бас тарту болып есептеледі. Бұл мерзім екі тараптың келісімі болған жағдайда ұзартылуы мүмкін.

Қарыз алушы кредитордың шарт талаптарын өзгерту туралы ұсыныстарымен келіскен жағдайда, мұндай өзгерістерді енгізу мерзімі кредитор Қарыз алушының жауабын алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспайды.

8. Микрофинанстық қызмет туралы заңның 9-2-бабы 2-тармағында көзделген өтінішті қарау кезеңінде кредитор шарт бойынша мерзімі өткен берешекті немесе оның бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеуді талап етпейді, сондай-ақ нотариустың атқарушылық жазбасын жасау туралы өтініш беру немесе берешекті өндіріп алу туралы сотқа талап қою бойынша іс-шараларды тоқтата тұрады.

Мерзімі өткен берешекті немесе оның бір бөлігін өтеуге Қарыз алушының бастамасы бойынша кредиторды хабардар ете отырып жол беріледі.

9. Кредитор Микрофинанстық қызмет туралы заңның 9-2-бабы 2-тармағының 2) және (немесе) 3) тармақшаларында көзделген шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініш берген жағдайда, шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен кемінде үш ай мерзімге шарт бойынша комиссияларды және (немесе) өзге де төлемдерді төлеуді талап етпей келісу туралы шешім қабылдайды, егер Қарыз алушы:

1) Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 68-бабына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын болса және Микрофинанстық қызмет туралы заңның 9-2-бабы 3-2-тармағында көзделген талаптар болған жағдайда;

2) төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен болса.

10. Қағидалардың мақсаттары үшін Қарыз алушыны шарт талаптарын өзгерту үшін кредиторға жүгіну мүмкіндігі туралы хабардар ету (бұдан әрі – хабарлама), сондай-ақ кредитордың Қарыз

алушының өтінішіне жауабы жазбаша нысанда және (немесе) цифрлық объектілер арқылы, және (немесе) шартта көзделген өзге тәсілмен жіберіледі.

Хабарлама және жауап мынадай жағдайларда жеткізілген болып есептеледі:

- шартта немесе өтініште көрсетілген тұрғылықты жері бойынша тапсыру туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Қарыз алушының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған жағдайда;

- шартта немесе Қарыз алушының өтінішінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

- Қарыз алушыға хабарламаның немесе жауаптың толық мәтіні қамтылған интернет-ресурсқа сілтемесі бар мәтіндік SMS-хабарлама немесе push-хабарлама жіберу арқылы;

- шартта көзделген, Қарыз алушының хабарламаны немесе жауапты алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы.

Қарыз алушы кредиторға келген жағдайда Қарыз алушының өтінішіне жауап Қарыз алушыға жеке қолына қолхат арқылы тапсырылады, бұл туралы жазбаша өтініштерді тіркеу журналында белгі қойылады, осы тармақта көзделген тәсілдермен жеткізілген жауапты қоспағанда.

Хабарлама немесе жауап адресатқа, алушыға тапсыру мүмкін еместігі туралы белгімен қайтарылған жағдайда не оны қабылдаудан бас тартуға байланысты хабарлама мен жауап тиісінше жеткізілген болып есептеледі.

11. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен берешек туындаған сәттен бастап жиырма төрт ай ішінде тараптар үшін өзара қолайлы, Қарыз алушының кредит бойынша берешекті өтеуге қабілетті болуын қамтамасыз ететін, оның ішінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), комиссияларды және өзге де төлемдерді толық жоюды көздейтін берешекті реттеу рәсімі жүзеге асырылмаған жағдайда, құқықты (талап ету құқығын) коллекторлық агенттікке беруге жол берілмейді.

Мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерге негізгі борыш және сыйақы бойынша төлемдерді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі алпыс күнді қамтитын кезеңге, кредит бойынша сыйақы есептемей кейінге қалдыруды ұсыну тәртібі

12. Кредитор кредиттік бюродан мерзімді әскери қызметке шақырылған Қарыз алушылар туралы мәліметтерді (бұдан әрі – әскери қызметші Қарыз алушы) алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде шарт бойынша негізгі борыш және сыйақы бойынша төлемдерді (бұдан әрі – төлемдерді кейінге қалдыру) әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі 60 (алпыс) күнтізбелік күнді қамтитын кезеңге кредит бойынша сыйақы есептемей кейінге қалдыруды ұсынады, бұл туралы әскери қызметші Қарыз алушыны жазбаша нысанда, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы не шартта көзделген тәсілмен хабардар етеді.

Төлемдерді кейінге қалдыру кредитор айқындайтын тәсілмен, кредит мерзімін ұзарту және төлемдер мөлшерін сақтау арқылы, шартқа немесе кепіл шартына қосымша келісімдерге қол қоймай беріледі. Кредит мерзімін ұзарту талабы кредитті мерзімінен бұрын өтеу (қайтару) кезінде қолданылмайды.

Төлемдерді кейінге қалдырудан бас тартқан жағдайда әскери қызметші Қарыз алушы (сенімхат бойынша әскери қызметші Қарыз алушының мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлға) кредитордың хабарламасын алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда, не цифрлық объектілер арқылы, не шартта көзделген тәсілмен бас тарту туралы өтініш жібереді. Кредитор осы өтінішті алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Қарыз алушыны шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы төлемдерді кейінге қалдырудың күшін жою және кредит бойынша сыйақы есептеуді қайта бастау туралы хабардар етеді.

Әскери қызметші Қарыз алушы шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі аяқталғанға дейін мерзімді әскери қызметтен босатылған жағдайда, кредитор оны әскери бөлім тізімінен шығарған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн өткен соң төлемдерді кейінге қалдыруды тоқтатады және кредит бойынша сыйақы есептеуді қайта бастайды, бұл туралы оны жазбаша нысанда, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы не шартта көзделген тәсілмен хабардар етеді.

Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар әскери қызметші Қарыз алушыға қатысты кредитор Микрофинанстық қызмет туралы заңның 7-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасында және (немесе) 9-2-бабының 5-тармағында көзделген шараларды мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі 60 (алпыс) күнтізбелік күнді қамтитын кезеңде қолданбайды (тоқтата тұрады).

Әскери қызметші Қарыз алушы шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі аяқталғанға дейін мерзімді әскери қызметтен босатылған жағдайда, кредитор оны әскери бөлім тізімінен шығарған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн өткен соң Микрофинанстық қызмет туралы заңның 7-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасында және 9-2-бабының 5-тармағында көзделген шараларды қолдануды қайта бастайды.

Осы тараудың талаптары бойынша шартқа қатысты заңды күшіне енген сот актісі, шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы атқарушылық жазба, медиация тәртібімен жасалған бітімгершілік келісім немесе дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім, не шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы сот актісін орындау үшін жасалған келісім болған жағдайда қолданылмайды.

Бұл ретте, егер әскери қызметші Қарыз алушының банктік шотына қатысты кредитор шығыс операцияларын шектеу шараларын, оның ішінде төлем талаптарын қоюды не атқарушылық іс жүргізу шеңберінде тыйым салуды және (немесе) өндіріп алуды қолдануды бастаған болса, кредитор осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес төлемдерді кейінге қалдыру ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мұндай шараларды кері қайтарып алу немесе тоқтата тұру жөнінде шаралар қабылдайды.

Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда «Ломбард Столичный КЗ» ЖШС-нің кез келген бөлімшесіне немесе +7 777 271 56 57 телефоны бойынша хабарласуға болады.